

«Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы ЖШС

# **Педагогикалық кеңес хаттамасы**

2022-2023 оқу жылы

# «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы ЖШС

## №1 Педагогикалық кеңестің хаттамасы

Өткізілген уақыты: 28.08.2022ж

Қатысқындар саны: 6

Күн тәртібі:

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту.
2. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары мен әдістері.
3. Балабақшада мамандарды орнықтыру. Шығармашылық топ құру . Әр түрлі сұрақтар.

### Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі: Пазилбекова М. педагогтарды 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарымен , күн тәртібі және топтарға арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекет кестесімен таныстырып өтті. Былтырғы оқу жылында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында биылғы оқу жылында денсаулық, шығармашылық саласына көп көңіл бөлуді тапсырып, оқу жылының мақсаттарын таныстырып өтті. Осы мақсаттарды орындау үшін жұмыстар жүргізуді ұсынды.

### Мақсаты:

«Таным», «Әлеумет» білім салалары мазмұнын – балаларға қоршаған орта әлемінің тұтас бейнесін танып, түсінумен қатар қарапайым математикалық ұғымдарды жан - жақты меңгертуге жағдай жасау. «Шығармашылық» білім саласы бойынша балаларды музыка әлемін тануы мен мазмұнды сурет салуға бейімдеп тәрбиелеу. «Денсаулық» пен «Коммуникация» білім салаларын кіріктіру әдісімен балалардың өзара тілдік қатынасы мен қимыл әрекеттерін дамыту.

### Міндеттері:

Таза ауада қимылды ойындарды қолдану арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру Ұлттық математикалық ұғымдармен таныстырып, қолдануға машықтандыру Табиғат әлемінде, экологиялық мәселелерді бақылап, тұжырымдау, қорғау тәсілдерін игертуді қалыптастыру Балалардың өзара мейірімді қарым-қатынастарын қолайлы пәндік дамытушы ортада қалыптастыруды жан-жақты қамтамасыз ету Мазмұнды сурет салу орталықтарының жабдықтарын қамтамасыз етіп, балалардың бейнелеу қабілетін дамыту Өзара қарым-қатынаста сөздік қорын кеңейту, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

### Тыңдалды:

Балабақша әдіскері – Пазилбекова М. «Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары мен әдістері» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында педагог қызметкерлерге ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне тиімді формаларын қолдануды ұсынды. Тәрбие әдістері – тәрбие процесінің өте күрделі компоненті. Себебі, тәрбие әдістері қазіргі қоғамның түбегейлі өзгеру жағдайындағы сан – салалы өмір талаптарына байланысты болуы тиіс. Сонымен қатар тәрбие әдістері жан – жақты тәрбиенің мақсатына, принциптеріне, тәрбие жұмысының мазмұнына сай анықталады. Тәрбие құралдары – дегеніміз арнайы

мелік міндеттерді шешуге арналған, мақсат көзделіп ұйымдастырылған әдістемелік жолдар. Тәрбие әдістерінің жіктелуі. Тәрбие әдістерін топтастыру, жүйелеу, жіктеу, бөлу өте күрделі мәселе. Әр әдістің өзіндік ерекшелігі болады. Осыған байланысты педагогикада тәрбие әдісінің заңдылығы мен мәнін ашатын көлемді ғылыми қор жинақталған. Тәрбие әдісін жинақтау не үшін қажет. Ол тәрбие әдісін: - жалпы және жеке; - негізгі және кездейсоқ; - теориялық және тәжірибелік ерекшеліктерін айқындауға, бөліп қарауға көмектеседі; - мақсатты түрде әрбір тәрбие әдісін тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды; - әрбір тәрбие әдісінің өзіне тән белгісін және оның ерекшелігін, міндетін оның бір – бірімен байланысын айқындай түседі.

### Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі – Пазилбекова М. сөз алды. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту туралы пікір білдірді. Биылғы оқу жылында тәрбиешілердің шығармашылығын дамыту және әдіс- тәсілдерді игеруде алға ілгерушілікті жандандыру үшін кейбір тәрбиешілерге бастаған шығармашылық тақырыптардың жалғастыруды, жаңа келген тәрбиешілерге топқа берген тақырып бойынша жұмыс жүргізуді ұсынды.

«Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін театр түрлерін қолдану арқылы дамыту». Самамбаева М: «Балалардың сенсорлық дамуына арналған дәстүрден тыс ойындар». Тәрбиешілер келісім берді. Сонымен бірге, меңгеруші педагогикалық кеңес хатшысы етіп тәрбиеші - Шеримкулова Р. сайлауды ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

### Қаулы:

1. Балабақшаның жылыдық жоспары, күн тәртібі және оқу іс-әрекет кестесі бекітілсін.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бекітілсін.

Меңгеруші :



Пазилбекова М.

«Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы ЖШС

№2 Педагогикалық кеңестің хаттамасы

04.11.2022 ж

Қатысқындар саны: 6

**Күн тәртібі:**

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. «Дені сау ұрпақ – келелі болашақ» баяндама.
3. Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің өтілу сапасының қорытындысы.
4. Ұжымдық ұйымдастырылған оқу қызметіне ену «Құммен шынықтыру» «Күлкі – денсаулық көркі».

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі – Пазилбекова М. өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады. Балабақшада оқу тәрбие жұмыстары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» ҚР білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы №557 бұйрығына сәйкес жүргізіліп жатқанын айтты. Сонымен бірге оқыту жұмыстарын жобалауда тәрбиешінің перспективалық жоспары, циклограммасы толық жүргізіліп жатқанына тоқталып өтті. Тәрбие жұмыстарына қосымша картотекалар, вариативтік компоненттер өткізіліп жатқанын айта келе әліде толыққанды жұмыс жүргізуді ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

**Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері «Дені сау ұрпақ – келер болашақ» тақырыбында баяндама оқыды. Педагогтар түрлі сұрақтар қойып пікірлер алмасты.

**Тыңдалды:**

Балабақшаның тәрбиешісі – Тулимакова Салтанат дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің өтілу сапасының қорытындысын мәлімдеді.

**Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері –Тулимакова С. ұжымдық ұйымдастырылған оқу іс әрекетіне ену бойынша сөз алды. «Құммен шынықтыру» және «Күлкі денсаулық көркі» тақырыптары бойынша ашық көрсетілімдер ұйымдастырылды.

**ҚАУЛЫ:**

1. Өткен пед кеңестің орындалуын қадағалау .

Меңгеруші:



Пазилбекова М.

# «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы ЖШС

## №3 Педагогикалық кеңестің хаттамасы

06.01.2023ж

Қатысқындар саны: 6

### Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Балаларды ағылшын, орыс тілдеріне ойын арқылы үйретудің әдістері (шығармашылық есеп).
3. «Коммуникация» білім саласы бойынша балалардың білім деңгейінің қорытындысы (ортаңғы, ересектер топтарында).
4. «Біздің көңілді театр» көрме.

### Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі – Пазилбекова М. өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады. Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің өтілу сапасын арттыру мақсатында түрлі жаттықтыру жұмыстары жүргізілуде. Оң нәтижесін көрсетуде. Алдағы уақытта сапаны арттыру мақсатында тағы да жұмыстар жүргізілетін болады.

### Тыңдалды:

Балабақша әдіскері –Тулимакова С. балаларды ағылшын, орыс тілдеріне ойын арқылы үйретудің әдістері бойынша шығармашылық есеп нәтижесін айтып өтті. Орыс тілі пәні мұғалімі балалардың дағдысын белсендіру және тілдерін жаттықтыру мақсатында дидактикалық ойындар және түрлі ойындар ұйымдастыру арқылы балаларды үйретуге үлес қосатындығын айтып өтті. Ағылшын тілі мұғалімі де өзінің жұмысының барысымен таныстырып өтті. Түрлі ойындарды кірістіру арқылы оқу іс-әрекетін ұйымдастыратындығын айтты. Осындай әдіспен балалардың қызығушылығы арта түседі, деді.

### Тыңдалды:

Әдіскер –Тулимакова С. «Коммуникация» білім саласы бойынша балалардың білім деңгейінің қорытындысымен таныстырды. Ортаңғы топ тәрбиешісі – Танирбергенова С. жасаған индикатор нәтижесін шығарды. Жалпы топтың деңгейі – орта. Алдағы уақытта жас ерекшеліктеріне және дағдыларына қарай жұмыс жасалатындығын айтты. Жоғары топ тәрбиешісі – Самамбаева М. тобына жасалған индикатор нәтижесімен таныстырды. Топ деңгейі – орта. Балалардың енді адаптациялық кезеңнен өтіп оқу іс-әрекетіне бет бұру кезеңіне өтіп жатқандығын айтты. Алдағы уақытта топпен белсенді жұмыс жүргізілетіндігін айтты.

### Тыңдалды:

Әдіскер Тулимакова С.– «Біздің көңілді театр» тақырыбында тәрбиешілердің ұйымдастыруымен және ата-аналардың қатысуымен көрме ұйымдастырылды. Көрмеде түрлі жанрдағы мультфильм кейіпкерлерін жасап әкелген. Екі топқа өте жақсы деңгей көрсеткені үшін мақтау қағазы берілді.

қаулы:

1. Өткен пед кеңестің орындалу нәтижесі одан әрі қадағалансын.
2. Балаларды шет тілдеріне үйрету жұмыстары жоғары деңгейге көтерілсін.
3. «Коммуникация» білім саласы бойынша балалардың білім деңгейін көтеру мақсатында жұмыстар жүргізілсін.

Меңгеруші:



Пазилбекова М.

# «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы ЖШС

## №4 Педагогикалық кеңестің хаттамасы

02.03.2023 ж

Қатысқындар саны: 6

### Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Балабақшада музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тілдік ортаға енгізу әдісін қолдану.
3. Шығармашылық білім саласының қорытындысы.
4. Ұжымдық ұйымдастырылған оқу қызметіне ену.

### Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі – Пазилбекова М. өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады. Коммуникация ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің өтілу сапасын арттыру мақсатында түрлі жаттықтыру жұмыстары жүргізілуде. Оң нәтижесін көрсетуде. Алдағы уақытта сапаны арттыру мақсатында тағы да жұмыстар жүргізілетін болады. Балаларды ағылшын тілі және орыс тілі пәнінен ойын арқылы ұйымдастыру жұмысын дамыту бойынша нәтиже бар екендігін айтып өтті әрі қарай жұмысты күшейту керектігін айтты.

### Тыңдалды:

Балабақшаның саз жетекшісі сөз алды. Музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тілдік ортаға енгізу әдісін қолдану бойынша баяндама дайындап, педагог қызметкерлермен пікір алмасты.

### Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Тулимакова С. сөз алды. Өз сөзінде шығармашылық білім саласы бойынша барлық топтардың қорытындысын айтты. Ересек тобында жоғары және орта деңгей 50%, төмен деңгей -40%ды құрайды. Ортаңғы топта жоғары және орта деңгей 45% , төмен деңгей – 55% -ды құрайды. Алдағы уақытта балалардың білім деңгейін көтеру мақсатында жұмыстарды дамыту қажет екендігін айтты. Педагогтарға тапсырмалар берілді.

### Тыңдалды:

Тәрбиеші – Әуелбек Г. ұжымдық ұйымдастырылған оқу қызметіне ену бойынша айтып өтті.

### Қаулы:

1. Өтілген педагогикалық кеңес нәтижесін қадағалауды өзіме жүктеймін.
2. Музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тілдік ортаға енгізу әдісі қолданылсын.



# «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы ЖШС

## №5 Педагогикалық кеңестің хаттамасы

04.05.2023 ж

Қатысқындар саны: 6

### Күн тәртібі:

1. Балалардың барлық білім беру саласы бойынша қабілеттерінің даму деңгейі (индикатор көрсеткіштерін талдау).
2. Жазғы сауықтыру жұмысының іс-шараларын бекіту.
3. Педагогтардың жылдық есебі.

### Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі –Пазилбекова М. сөз алды. Балалардың бес білім беру саласы бойынша индикатор көрсеткіштерін талқылады. Мад тобында- жоғары көрсеткіш 75%-ды құрады. Ересек тобында жоғары көрсеткіш 66%-ды құрады. Ортаңғы тобында – 60%, ал кіші топтарда – 55% көрсетіп отыр. Бұл көрсеткіш педагог қызметкерлерге әлі де жұмыс жасау керектігін білдіреді. Педагогтар өздерінің білімдерін жетілдіре келе балалардың құзіреттілігін арттыра алады. Сол себепті жан-жақты даму үдерісін үзбеу керектігін айтты.

### Тыңдалды:

Балабақша әдіскері - жазғы сауықтыру іс-шараларын педагог қызметкерлерге ұсынды. Тақырыптарын талқылап түзету жұмыстарын енгізді. Меңгеруші тексеріп, іс-шараны бекітті.

### Тыңдалды:

Педагог қызметкерлер әдіскерге жылдық жұмыстарының қорытындысын тапсырды.

### Қаулы:

1. Балалардың білімін бақылау индикаторы толтырылсын, ҚББ-на электорнды түрде жіберілсін.
2. Жазғы сауықтыру жұмысының іс-шаралары бекітілсін.
3. Педагогтар жылдық жұмыс есептері тапсырылсын.

Меңгеруші:



Пазилбекова М.